

ЖҮК КӨЛІГІ ҚҰРАСТЫРЫЛАДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖҰРТЫНЫҢ ЕРКЕ ҰЛЫ ЕДІ...

6-БЕТ | ҚОҒАМ

“

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҺАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСТЫ АРҚАУЫ, АЛ ҮЛКЕН ДЕРЕКТЕР ҚОРЫ АСА МАҢЫЗДЫ РЕСУРС САНАЛА БАСТАДЫ. СОНДЫҚТАН ҚАЗАҚСТАН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ АСА МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРАДЫ. АЛДЫМЫЗҒА ҚАЗАҚСТАНДЫ ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛДЫРУ ЖӨНІНДЕ ӨРШІЛ МАҚСАТ ҚОЙДЫҚ.

№52
(4950)
Сейсенбі
5 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



ЖАЙЛЫ ҚАЛА ЖОЛЫНАН КӨРІНЕДІ

Жайлы қаланың бір нышаны – жаяу жүргіншілер мен көлік жолдарының сапасы. Бүгінгі таңда Астанада жол салу және оны жөндеу жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Биыл елордада жалпы ұзындығы 60 шақырым болатын 50 көшенің жолын жөндеу жоспарланған. Сонымен қатар қала ішінде жаңа жолдар пайда болады.



Елордада 7 мамырда Отан қорғаушылар күніне арналған плац-концерт өтеді.

Қазақ елі алаңында өтетін плац-концертте көрермендерге әскери оркестрлер мен мемлекеттік органдардың саптық есептоптарының қатысуымен мерекелік бағдарлама ұсынылады. Сондай-ақ саптық дайындық элементтері мен салтанатты бөлімшелердің көрсетілімдік қойылымдары да сахналанады. Мерекелік плац-концерт сағат 11:00-де басталады.



Астанадағы «Жасыл квартал» тұрғын үй кешенінде экопарк бой көтереді. Жаңа парктің құрылысы кеше басталды.

Экопарк келер жылы толық салынып бітіп, пайдалануға беріледі. Мұндай жаңалық Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының Instagram-дағы ресми парақшасында жарияланды.

ДЗЮДО ЖҰЛДЫЗДАРЫ КҮРЕСЕДІ

Бас қалада Олимпиада чемпиондары мен әлемдік дзюдо жұлдыздары Qazaqstan Barysy Grand Slam 2026 турнирінде бақ сынайды.


Qazaqstan Barysy Grand Slam 2026 әлемдік рейтинг турнирі 8-10 мамыр күндері Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында өтеді. Елімізде төртінші рет ұйымдастырылғалы отырған жарысқа биыл дзюдо спортының жұлдыздары қатысады. Бұл жарыста 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін жазғы Олимпиада ойындарына лицензия алуға мүмкіндік беретін ұпайлар үлестіріледі. Астана төріндегі байрақты жарыста Олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлері, әлем чемпиондары және әлемдік рейтингтің көшбасшылары өнер көрсетеді.



БҰЛАҚ КӨЗІН АШТЫ

Астанада «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында «Мөлдір бұлақ» экология акциясы ұйымдастырылды.

Шаһар аумағындағы бұлақ көздерін ашуды, оларды тазарту және қоғамда экология мәдениетін қалыптастыруды мақсат еткен іс-шара барысында қала ішіндегі Ақбұлақ және Сарыбұлақ арналарында, сондай-ақ Есіл өзенінің жағалауында санитарлық тазарту жұмысы жүргізілді. Коммуналдық қызметтер, еріктілер және белсенді тұрғындар қатысқан экология акциясы кезінде су нысандары маңайынан мыңдаған тонна қоқыс жиналып, полигонға шығарылды.



№52 (4950) 05/05/2026 Сейсенбі



БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕ БОЛМАСА, ЖИ-ден ПАЙДА ЖОҚ

Алматыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің екінші отырысы өтті. Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде әлем технологиялық трансформацияның мүлдем жаңа кезеңіне қадам басқанына назар аударды. Президенттің айтуынша, қазіргі өзгерістер XIX-XX ғасырлардағы индустриялық революциямен салыстыруға келмейді. Өйткені оның жылдамдығы мен ауқымдылығы соншалық, физикалық болмыс пен цифрлық кеңістік арасындағы шекара жойылып барады.

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙҒА ШЫНАЙЫ БАҒА БЕРЕЙІК

«Жасанды интеллект жаһандық экономиканың басты арқауы, ал үлкен деректер қоры аса маңызды ресурс санала бастады. Сондықтан Қазақстан жасанды интеллектіні аса маңызды стратегиялық бағыт ретінде қарастырады. Алдымызға Қазақстанды заманауи цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде өршіл мақсат қойдық. Тиісті институционалдық алғышарттар мен базалық инфрақұрылым қалыптасты. Енді жасанды интеллект технологиясын экономиканың барлық саласына енгізуіміз қажет. Бұл ретте «технологиялық сақтық шараларын» басшылыққа алып, ұлттық мүддені де ұмытпаған жөн» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, жаңа технологиялық парадигмаға көшу үшін қазіргі жағдайға объективті, шынайы баға беру қажет.

«Цифрлық экономика туралы тұжырымдама әлі толық жасақталмаған, қолданыстағы әдістеме бір ізге түспеген. Ішкі жалпы өнімді бес пайызға жеткізу туралы айтқанда, нақты экономика секторындағы өсім мен инновация нәтижесіндегі табыстың аражігін ажырата білу керек. Жалпылама көрсеткіштер көбіне жұмыстың тиімділігін емес, алдамшы көрініс қалыптастырып жатады. Сондықтан бұл цифрландыру мен жасанды интеллектінің ел экономикасына қосқан нақты үлесін бағалауға мүмкіндік бермейді. Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттікпен бірлесіп, цифрлық экономиканың ІЖӨ-ге әсерін бағалау бойынша ұсыныстар енгізгені жөн» деді Мемлекет басшысы.

Президент әлемдік деңгейдегі жетекші зертханалардың соңғы деректеріне сүйене отырып, дамыған және дамушы экономикалар арасындағы алшақтық тез ұлғайып келе жатқанын атап өтті.

«Жасанды интеллектінің бір ерекшелігі – капитал да, технология да көшбасшылардың қолына шоғырланады. Уақытылы әрі батыл шешім қабылдамаса, ертең «технологиялық алшақтықты» қысқарту қиынға соғады. Бұл – Қазақстан үшін алаңдатарлық ахуал. Қазіргі жағдайды егжей-тегжейлі саралап, нақты интеллектуалдық өнімдер жасауға қабілетіміз қаншалықты жететінін анық түсіну керек. Еліміз классикалық «Орта табыс дағдарысына» тап болды деген сарапшылардың пікірімен келіспеске амал жоқ. Мұндай кезде табиғи ресурстар мен арзан жұмыс күші секілді дәстүрлі ресурстар сарқыла бастайды, ал экономикалық өсімге серпін беретін жаңа салалар тиісті деңгейде дамымайды немесе іске қосылмайды. Экономиканың тұралауына жол бермеу үшін үлкен цифрлық платформалар құру қажет. Сол арқылы цифрлық экономикаға жедел ауысу амалын іздеген дұрыс. Мемлекеттік деректердің бірыңғай жүйесі болмаса, жасанды интеллектіден пайда жоқ. Осы орайда мемлекеттік сервистерді көзге көрінбейтін, бірақ өте тиімді операциялық жүйеге трансформациялау керек. Сонда шамадан тыс бюрократиялық талаптардан құтыламыз. Қазіргі жүйе бойынша сұраныс жіберуден бастап шешім қабылдауға дейінгі аралыққа бірнеше күн немесе бірнеше апта кетеді. Негізі, аталған цикл бірнеше секундқа дейін қысқаруға тиіс. Сол кезде елдегі капитал айналымы жеделдей түседі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЭКОНОМИКАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Дүниежүзілік банктің мәліметінше, цифрлық экономиканың әлемдік ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекенің тауар нарығынан дерекқор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

«Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірыңғай кедендік рәсімдеу платформасына өтті. Енді декларация толтыру уақыты бір минуттан аспайды, құжаттардың басым бөлігі автоматты түрде қаралады. Сонымен қатар Smart Cargo ұлттық логистика платформасы жасалып жатыр. Ол 127 дерек көзіне тікелей қосылады. Тұрнама адал жұмыс істейтін компанияларға шекарадан тез арада өтуге мүмкіндік береді. Салық саласында да түбегейлі өзгерістер орын алды. Салықтық әкімшілендірудің біртұтас жүйесі құжаттарды өңдеу уақытын бір сағаттан бір минутқа дейін қысқартып, екі миллион салық төлеушінің сервисті пайдалануын жеңілдетті. Smart Data Finance платформасының іске қосылуы – елеулі жетістіктердің бірі. Жүйе мобильді аударымдардан бастап ұшақпен сапарлауға дейінгі әрекеттердің бәрін қамтитын 78 дереккөзден аналитикалық мәлімет жинайды. Бюджетке онлайн-мониторинг жасау жүздеген миллиард теңге тәуекелі бар төлемдердің алдын алады. Ұлттық тауарлар каталогына 23 миллионнан астам өнім түрі енгізілді. Осы арқылы мемлекеттік сатып алулардың болжамдық-талдамалық моделі жасалып, жыл сайын 200 миллиард теңгеден астам қаржыны үнемдеуге болады» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы цифрландыру заман талабы екенін айтты. Бұл ретте Президент Біріккен Араб Әмірліктері қолма-қол төлемсіз экономикаға көшуді жоспарлап отырғанын мысалға келтірді. Қытайдан да үлгі алуға болады. Көршілес ел жыл сайынғы триллион доллар транзакцияларды цифрлық платформада өңдеу ісін жолға қойды.

«Қазақстан да бұл бағытта оң нәтижеге қол жеткізді: еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 80 пайыздан асты. Осы жиынға қатысып отырған отандық фин-тех компаниялар кәсіби деңгейлері жоғары екенін көрсетті. Цифрлық теңгені кеңінен қолдану шын мәнінде «ойын ережесін» өзгертеді. Өйткені бюджеттің ашықтығын қамтамасыз етіп, транзакция үшін алынатын комиссиялық төлемдердің шығынын қысқартады. Бұл Қазақстанның дүние жүзінен көбірек капитал тартып, жетекші инвестициялық және қаржылық орталыққа айналуына көмектесуге тиіс. Былтыр елімізде алғаш рет цифрлық активтер мен криптовалюталарды реттейтін құқықтық база қалыптасты. Жылжымайтын мүлікті, алтынды, ірі өндіріс кәсіпорындарының акцияларын және басқа да активтерді токенизация жасауға мүмкіндік пайда болды. Мақсатымыз – аймақтағы жетекші криптохабқа айналу. Үкімет пен Ұлттық банк цифрлық активтерді дамытудың басты бағыттарын бекіткені жөн. Бұл – шұғыл міндет, уақыт күтпейді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы цифрландыру тиімділігін арттыру үшін өлшемді көрсеткіштер қажет екенін еске салды.

«Есепсіз немесе көзге көрінбейтін дүниені басқару қиын. Сондықтан Үкімет көп созбай, ведомстволар деңгейіндегі жағдайға базалық есеп жүргізетін жүйені қолданысқа енгізгені жөн. Бұған салғырт қарауға болмайды, жұмысты кешіктірмеу керек. Цифрландыру мен мемлекеттік жобалардың пайдасын жанжақты зерделеу қажет. Үкімет Digital Qazaqstan стратегиясы аясында «ізашар жобаларды» іріктеп шығарды. Оларды мұқият сараптап, экономикаға тікелей әсерін анықтау керек. Жалпы, қай салада болсын, түпкі нәтижеге жету үшін әркім жеке жауапкершіліктен қашпауы қажет. Бізде басқа таңдау жоқ: не тиімді цифрлық экономика құрамыз, не өркениет көшінің соңында қаламыз. Басқаша айтқанда, «не боламыз, не бордай тозамыз» деді Президент.

ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ ТАЛАП

Мемлекет басшысының айтуынша, зияткерлік капиталды күшейтіп, еңбек өнімділігін арттырмаса, тек демографиялық өсім бәсекеге қабілетті ел болуға кепілдік бермейді.

«Кеңестің осыған дейінгі отырысында қабылданған шешімге сай биыл Орталық Азиядағы алғашқы Жасанды интеллект университеті ашылады. Шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік құру арқылы іргелі және қолданбалы ғылымды дамытуды қолға алдық. Бірнеше жобаның тізімі жасалды. Олар барынша жедел таратылуға тиіс. Үкімет қысқа мерзім ішінде «ғылымнан нарыққа дейінгі» кезеңдерді түгел қамтитын тізбек жасауы керек. Алдымызда қолданбалы әзірлемелерді тез арада коммерцияландыру, салықтық ынталандыру және келешегінен көп үміт күттіретін жобаларды бірлесе қаржыландыру құралдары қарастырылған толыққанды венчурлық экожүйе қалыптастыру міндеті тұр. Мұндай пәрменді тетік болмаса, ғылыми әлеуетіміз тек академиялық ортамен шектеліп қалады» деді Мемлекет басшысы.

Президент сенімді инфрақұрылымды цифрлық экономиканың тағы бір берік тұғыры ретінде атады. Бұл – технологиялық дербестіктің алғышарты. Оның маңызы энергетика немесе логистика саласынан кем түспейді.

«Есептеу қуатын, деректерді және байланыс арналарын бақылауда ұстау айрықша өзекті. Қазіргі заманда мұны өзгелерден тәуелсіз болудың бұлжымас қағидасы десек, артық айтқандық емес. Бізге жасанды интеллект пен «бұлтты» технология қызметтеріне арналған инфрақұрылымдық базаны дамыту керек. Осы бағыттағы басты жоба – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру ісін жүйелі жүргізу қажет. Бұл – алдағы уақытта экономикамыздың жаңа индустриялық тірегіне айналатын ауқымды кластер. Мұндай орталықтар кәсіпкерлер мен ғалымдарды есептеу ресурстарымен қамтамасыз етеді. Сенімді цифрлық инфрақұрылым еліміздің стратегиялық активіне айналуға тиіс. Үкімет «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» жобасын мұқият пысықтауы қажет. Бұл ретте халықаралық стандарттар және осы саладағы жетекші компаниялар бекіткен талаптар ескерілуге тиіс. Ең бастысы, бұл аса маңызды жоспар еліміздің сұранысына сай және заманауи озық үрдістерді ескере отырып жасалғаны жөн. Дата-орталықтар – сәнді цифрлық технологиялар көрмесі емес» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев киберқауіпсіздік жіті қадағаланбаса, кез келген инфрақұрылым сыр беретінін мәлімдеді.

«Ұлттық технологиялық өнімнің бәріне қауіпсіздік стандарттарын енгізу керек. Дербес деректерді қорғау міндеті Конституцияда нақты бекітілді. Сондықтан бұл жұмыс құпиялық, тұтастық, қолжетімділік қағидаттарына негізделуі қажет. Мемлекеттік цифрлық қызметтердің тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуі – басты талаптың бірі. Ашықтық, жаһандық интеграция және ұлттық мүдде арасындағы теңгерімді сақтау айрықша маңызды. Мемлекет осы жұмысты тиімді ұйымдастырғаны дұрыс. Цифрлық қауіпсіздік мәселесі виртуалды кеңістік ауқымынан әлдеқашан шығып кетті. Таяу Шығыстағы оқиғалар жаһандық тәртіптің осал тұстарын айқындап берді. Өкінішке қарай, бүгінде дамыған елдердің цифрлық инфрақұрылымына қатер төніп тұрғаны жасырын емес. Мұндай жағдайда халықаралық бизнеске қауіпсіздік ауадай қажет. Жаһандық технологиялық қауымдастық үшін институттар мен құқықтық жүйенің тұрақты, ал цифрлық инфрақұрылымның сапалы болғаны өте маңызды. Қазақстанды «цифрлық хабқа» айналдыру жөнінде міндет қойдық. Демек осы талаптың үдесінен шыға білу қажет» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз-ге әлемнің әр түкпірінен білікті мамандар шақыру және инвестиция тарту үшін барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

«Қазақстанды жайлы аймақтық хаб ретінде таныту үшін көші-қон үдерістері оңтайландырылып жатыр. Оның бәрі толық цифрлық форматқа көшіріледі. Таяуда қолданысқа енгізілген «Алтын виза» осы бағыттағы елеулі шешімдердің бірі болды. Бұл визаның иегерлері ұзақ уақыт бойы еліміздің резиденті бола алады. Артық әкімшілік жүктемеден босатылады. Оларға едәуір салық жеңілдігі беріледі. Бағдарламаға қатысушылардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан азаматтарымен бірдей сапалы білім алуға, медициналық қызметті пайдалануға мүмкіндігі болады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні тиімді қолдану үшін деректерге бағдарланған басқару моделін енгізу керек деп санайды.

«Жүйеленген деректер – жасанды интеллектіні дамытудың экономикалық негізі. Мұндай деректер технологияның әлеуетін пайдаланып, өнімділікті арттыруға жол ашады. Осы ретте тіл бүкіл жүйені біріктіретін басты құрал болуға тиіс. Ең алдымен, қазақ тілін заманауи цифрлық жүйелерге толық кіріктіру керек. Сонда ғана деректерді құрылымдап, инновацияны барлық салаға енгіземіз. Ортақ деректер жинақталып, өзара үйлесімді және машина оқи алатындай форматта болуға тиіс. Әйтпесе, ең мықты алгоритмнің өзі дұрыс жұмыс істемейді, оның еш пайдасы болмайды. Қазір аса құнды ақпараттың көбі архивтерде шаң басып жатыр. Оның бәрін цифрлық форматқа көшіру қажет. Біз уақыттан ұтылып, мүмкіндікті пайдалана алмай жатырмыз. Үкімет жасанды интеллект үлгілерін оқыту үшін архивтердегі және қолданыстағы мәліметтерді сапалы деректер торабына жинақтауға тиіс. Бұл жұмысқа дереу кіріскен жөн. Бұдан бөлек, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі деректер сапасын айқындайтын ұлттық стандартты бекітуі керек. Ол экономика, ғылым және бизнес өкілдеріне қолжетімді болғаны абзал. Жалпы, деректерге бағдарланған басқару үлгісіне толық көшу үшін Үкімет мемлекеттік бағдарламалардың нормативтік базасы мен мазмұнын қайта қарап шығуға тиіс. Мәліметтерді жүйелеп, «деректер қоймасы» деп аталатын бірыңғай желіге кіріктіру маңызды. Жұмыстың тиімділігі соған қарап бағаланады. Біз осы бағытта шұғыл шараларды қолға алмасақ, салынған инвестиция құмға сіңген судай жоқ болады» деді Президент.



ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОСПАРҒА САЙ ЖҮРІП ЖАТЫР

Бас қалада жолдарды жөндеу жұмысы басталды. Биыл жалпы ұзындығы 60 шақырым болатын шамамен 50 көшені жөндеу жоспарланған. Сондай-ақ бүгінде шұңқырларды, тротуарларды жөндеу, жол белгілерін салу және т. б. жұмыстар қатар жүргізілуде. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Facebook парақшасында жазды.

«Биыл сәуір айынан бастап мына көшелерде жұмыс басталды:

– Е68 көше – Ә.Бектұров көшесінен Төле би көшесіне дейін;

– Б.Соқпақбаев көшесі – Ш.Бейсекова көшесінен К.Күмісбеков көшесіне дейінгі аралығындағы құрылыс жалғасты;

– Н.Тілендиев даңғылынан Бейбарыс Сұлтан көшесіне дейінгі учаскеде Абайдың 150 жылдығы көшесін салу жобасы іске асып жатыр;

– Мәңгілік ел даңғылы мен Сығанақ көшесі;

– Кенесары көшесі – Ә.Сембинов көшесінен Сарыарқа даңғылына дейін (бұл ретте Кенесары көшесінде 2025 жылы Е.Брусиловский көшесінен Ә.Сембинов көшесіне дейінгі аралықта жұмыс жүргізілген);

– Республика даңғылы – А.Иманов көшесінен теміржол вокзалына дейін;

– Ақан сері көшесі – Н.Тілендиев даңғылынан Қараменде би Шақаұлы көшесіне дейін;

– Е.Шаймерденов көшесі – Ж.Нәжімеденов көшесінен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін және т. б.» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылының қиылысында екі деңгейлі жол айырығын салу жұмысы жүріп жатыр. Нысанда инженерлік желілерді тарту және аралық металл құрылымын монтаждау жұмысы жүргізілуде. Биыл жыл соңына дейін құрылыс жұмысын аяқтау жоспарланып отыр.

Қ.Мұхамедханов көшесінің құрылысы Ш.Айтматов көшесінен Қорғалжын тасжолына дейінгі аралықта жалғасып жатыр.

«Өткен жылы бұл учаскеде көлік қозғалысы қамтамасыз етілген. Биыл жол салуды және іргелес аумақты абаттандыруды қоса алғанда, барлық жұмысты толықтай аяқтау жоспарланып отыр. Ш.Айтматов көшесінде сегіз жолақты магистралды жол арқылы көлік қозғалысы қамтамасыз етілді. Ш.Айтматов көшесінің ашылуы нәтижесінде Тұран және Қабанбай батыр даңғылдары, сондай-ақ Сығанақ пен Қ.Мұхамедханов көшелері сияқты негізгі магистралдарда көлік ағыны едәуір азайды, бұл қаланың жаңа бөлігі үшін аса маңызды. Сонымен қатар биыл абаттандыру, бағдаршам орнату және электрмен жабдықтау, нөсер кәрізі желілерін тарту жұмысы жалғасады. Тәуелсіздік даңғылының Қабанбай батыр даңғылынан Ұлы дала даңғылына дейінгі учаскесінің құрылысы басталды. Бұл көше сегіз жолақты магистраль саналады. Аталған жолдың арқасында көлік ағыны қайта реттеліп, Мәңгілік ел мен Тұран даңғылдарында қозғалыс жылдамдайды деп күтіліп отыр» деп мәлімдеді қала әкімі.

Қазіргі уақытта 1-кезең жүзеге асып жатыр – Тәуелсіздік даңғылының Қабанбай батыр даңғылынан Е485 көшесіне дейінгі учаскесінің аралығы. Жол салу аумағында нормативтік талаптарға сәйкес коммуналдық желілерді (сумен жабдықтау, кәріз, электрмен, жылумен жабдықтау) төсеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Ұлы дала даңғылының (А-52 көше) Ш.Қалдаяқов көшесінен Қордай көшесіне дейінгі учаскесінде құрылыс жұмысы жүргізіліп жатыр. Осыған дейін Ш.Қалдаяқов көшесінен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейінгі аралықта көлік қозғалысы қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта осы учаскеде жолдың жоғарғы қабатын салу арқылы абаттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр.



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Астана қаласындағы №111 мектепте Отан қорғаушылар күні қарсаңында «Profi Day: «145 сынып – 145 мамандық» форумы өтті. Іс-шара «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы және «Еңбегі адал жас өрен» бастамасы аясында ұйымдастырылды.



– Іс-шараның ерекшелігі – оны әкелердің өткізуі. Олардың әрқайсысы өз мамандығы туралы сыр шертті. Қатысушылар қатарында түрлі сала өкілдері болды: құрылысшылар, әскери қызметкерлер, басшылар, дәрігерлер. Олар оқушыларды өздерінің қызметімен таныстырды. Негізгі мақсат – балаларға мамандық таңдау тек табыс көзі ғана емес, Отанға адал қызмет етудің бір түрі екенін көрсету. Әр ата-ана өз жұмысын заң, тәртіп, әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық, кәсібилік, тәуелсіздік, патриотизм, жасампаздық және шығармашылық ұғымдары арқылы түсіндірді, – деді №111 мектептің тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Райгүл Закирова.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Profi Day: «145 сынып – 145 мамандық» форумын өткізу – білікті, адал және жауапты мамандарды қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

АСТАНАДАН ҚОСШЫҒА ДЕЙІН...

Елорданы Қосшы қаласына жалғайтын жеңіл рельсті көлік (Light Rail Transit немесе LRT) инфрақұрылымының құрылысы басталғаны туралы City Transportation Systems көлік кешенін басқару операторы хабарлады.

«LRT жобасының екінші кезеңін Қосшы қаласы бағытына іске асыру аясында алғашқы тірекке бетон құю жұмысы орындалды. Сонымен қатар Астана қаласындағы бетон зауытында желінің эстакада бөлігіне арналған алғашқы темірбетонды құрастырмалы арқалық дайындалды» деді компания.

Мәлімдемеге қарағанда, Қосшы бағытында 300-ден астам тірек тұрғызу, 538 құрастырмалы темірбетонды эстакадалық арқалықты, сондай-ақ 8 монолитті арқалықты монтаждау жоспарланған.

Қосшы бағытына қарай LRT жолағының салынатынын былтыр қазанда Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдеген. Әкім сондай-ақ қала орталығын ескі теміржол вокзалына жалғайтын жолақ та салынатынын айтқан. Ал әуежайдан жаңа теміржол вокзалына баратын бастапқы жолақтың негізгі құрылысы былтыр күзде аяқталып, сынақ кезеңі басталған. Сәуірдің аяғында Жеңіс Қасымбек бірінші жолақ 2-3 аптада ресми іске қосылатынын айтқан. Жолақысы 200 теңге болмақ. Ұзындығы 22 шақырымнан асатын бұл бағытта барлығы 18 станция салынған. Пойыздар арасындағы интервал – шамамен 4-5 минут.



ТАНЫМДЫҚ ЭКСКУРСИЯ

Асқар Забикулин атындағы №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде ашық есік күні өтті. Іс-шара 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні қарсаңында жасөспірімдерге арналған танымдық экскурсия форматында өтті. Оған елордадағы №71 мектептің 5-сыныбында білім алатын, жуырда ғана «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының қатарына қабылданған оқушылар қатысты.

«Жас сарбаз» әскери патриоттық қозғалысының Астана қаласы бойынша төрағасы Айдархан Маханбеттің айтуынша, іс-шараның басты мақсаты – жасөспірімдердің бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып, әскери және құтқару қызметтеріне қызығушылығын арттыру.

Экскурсия барысында оқушыларға төтенше жағдайлар мен өрт кезінде алғашқы кезекте жасалатын іс-әрекеттер түсіндірілді. Балалар өрт сөндірушілердің күнделікті қызметімен танысып, арнайы техникаларды, демалыс және тамақтану орындарын аралап көрді. Сондай-ақ мамандарға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, сала бойынша білім алуға мүмкіндік беретін жоғары оқу орындары туралы ақпарат алды.

2025-2026 оқу жылы ішінде Астана қаласы бойынша «Жас сарбаз» қозғалысының қатарына 2 мыңға жуық оқушы қабылданды. Қазіргі таңда олар қаладағы барлық орта білім беру ұйымдарында 5-11-сынып аралығында білім алып жүр.

№52 (4950) 05/05/2026 Сейсенбі





ЕЛОРДАДА ЖҮК КӨЛІГІ ҚҰРАСТЫРЫЛАДЫ

Астанада шаруашылық көліктері құрастырылады. Италиялық «IVECO» маркасымен белгілі арнайы жүк көліктерін құрастыратын «STAHLBAU» ЖШС елімізде 2015 жылдан бері жұмыс істейді. Астана қаласы маңындағы №1 индустриялық парктен 4 гектарға жуық жер алып, жұмысын бастаған серіктестік нарыққа қажетті автомашиналар құрастырады.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– Жаңадан бес мың шаршы метрді құрайтын зауыт салынып жатыр. Бұл біздің болашақтағы жоспарымыз бойынша жүзеге асуда. Маңайды кеңітіп алсақ, толыққанды жұмыс жасай беруге болады. Қоқыс тасуға немесе жалпы тазалыққа арналған жүк көліктерінің барлық бөлшегі, яғни қаңқасы, қозғалтқышы, электрлі жабдықтары – бәрін арнайы мамандарымыз қабылдап, құрастыру жұмыстарын жасайды. Бір жақсысы, зауыттағы жігіттердің басым көпшілігі – әмбебап. Олар көлік құрастырушы да, электрик те, дәнекерлеуші де бола алады. Елуге тарта маман бар, солар қызмет етеді. Жалпы, машина құрастыру бойынша зауыт ішінде бес бекет бар. Әрқайсысының өзіндік міндеті болады. Бірі – қаңқадан бастап алдыңғы және артқы көпірлерін жинап, жүрістік бөлігін нықтайды. Екіншісінде – пневматикалық және электрлі құрылғылар, ал үшінші бөлігінде мотор мен қосалқы жабдықтар орнатылады. Төртіншісінде шанақ қойылып, оған қажетті заттың барлығы бекітіледі. Сөйтіп, құрастырылған көлікті мен бастан-аяқ қабылдап аламын, – дейді STAHLBAU» ЖШС инженері Нұрғиса Ахметов.

Машина жасау мамандары өз істерін бес саусақтай біледі. Дәнекерлеуші де, сырлаушы да, көліктің әр ұсақ тетігін құрастырушы да – өз істерінің білгірі. Бұған зауытты аралау барысында көз жеткіздік. Сыртынан қарасаң, елеусіз көрінетін зауыт ішінде жұмыс қайнап жатыр.

– Қазіргі уақытта зауыт бір ауысыммен ғана жұмыс істейді. Болашақта екі-үш ауысыммен жұмыс жасауды қарастырып отырмыз. Жылына он мың машинаға дейін шығаруға зауыттың қауқары толық жетеді. Тапсырыс түскеннен бастап, мамандар өз міндеттерін атқаруға кіріседі. Көлікке қажетті құрылғыларды Ресейден, Түркиядан және Қазақстанда жасалған темірлерді пайдаланамыз. «Сборка» дейміз ғой, жинау жабдықтарының көбі Италиядан келеді. Ал көлікті әрлеу жұмыстары цехта жасалады. Егер бір адам көлікке тапсырыс берген жағдайда біз үш күнде жинап бере аламыз. Яғни алушының қалаған көлігі дайын болады. Жыл басынан бері 6-7 машина құрастырылды. Қазір 20 машинаны жинақтап жатырмыз, – деді Нұрғиса Ахметов.

Көлік құрастырушы мамандар шетелдік кәсіпорындарда тәжірибе алған. Білімдерін шыңдаған. Барлығы бесаспап. Машина жөнінде тәптіштеп түсіндірген Нұрғиса Ахметов көліктерді тексерістен өткізуге кетті. Мен де өз жұмысыма асықтым. Айтпақшы, «STAHLBAU» серіктестігі италиялық «IVECO» компаниясымен бірлесіп жұмыс істейді. Мен кетіп бара жатқанда маңдайында «IVECO», «ASTRA» деген жазуы бар көліктер тексерістен өтіп жатты. Енді олар жұмысқа кіріседі. Айта кету керек, «ASTRA» да – италиялық марка. 30 тоннаға дейін жүк тие алады.





Елордада еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету және қызметкерлердің құқықтарын қорғау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бүгінде Астана қаласында 267 906 кәсіпорын бар, онда шамамен 738 мың адам еңбек етеді. Осыған байланысты жалақының уақтылы төленуін және әлеуметтік кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы тиімді мемлекеттік бақылаудың маңызы артып отыр.

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?



Бұл туралы елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті» РММ басшысы Ерлан Исмағұлов мәлім етті.

Департамент басшысының айтуынша, мемлекеттік еңбек инспекторлары осы бағытта тұрақты бақылайды.

– Департамент жалақы берешегі бар кәсіпорындарды банкрот деп тану бойынша Астана қаласының Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлескен жұмыс жүргізуде. Банкроттық немесе оңалту сатысындағы кәсіпорындарға ерекше назар аударылып отыр. Берешекті өтеу шаралары «Реабилитация және банкроттық туралы» Заң аясында конкурстық басқарушылар арқылы жүзеге асырылуда. Бұл процесті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер департаменті бақылауда ұстайды, – деді Ерлан Исмағұлов.

Белгілі болғандай, 2026 жылдың өткен кезеңінде 88,1 млн теңге көлеміндегі жалақы берешегі өтеліп, 158 жұмыскердің еңбек және конституциялық құқықтары қорғалды. Салыстырмалы түрде: 2025 жылы 215,3 млн теңгеден астам (1007 жұмыскер), 2024 жылы 165 млн теңгеден астам (1350 қызметкер) жалақы берешегі өтелген.

2026 жылдың басынан бері мемлекеттік еңбек инспекторлары 3 636 азаматтың өтінішін қарап, 91 жоспардан тыс тексеру жүргізген. Нәтижесінде 46 нұсқама беріліп, 43 заңды және жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 8,5 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. 2025 жылы еңбек инспекторлары 10 867 өтініш қаралып, 567 тексеру жүргізген, 327 нұсқама беріліп, 39,3 млн теңге айыппұл салынған. 2024 жылы 322 тексеру жүргізіліп, 6 мыңнан астам өтініш қаралған.

– Еңбек дауларының алдын алудың маңызды құралдарының бірі – кәсіпорындардың цифрлық картасы. Департамент кәсіпорындардың цифрлық картасы негізінде еңбек дауларын болдырмау және жұмыскерлердің әлеуметтік, еңбек құқықтары мен кепілдіктерін сақтау мақсатында тәуекелді кәсіпорындар санын азайту бойынша шаралар қабылдауда. Негізгі бұзушылықтар міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік төлемдердің және МӘМС аударымдарының уақтылы төленбеуімен байланысты.

Даулардың алдын алу мақсатында мемлекеттік еңбек инспекторлары прокуратура органдарымен бірлесіп, жоғары тәуекел дәрежесіне кіретін жұмыс берушілермен кездесулер өткізіп тұрады, – дейді Департамент басшысы.

Қала әкімдігінде әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық үшжақты комиссия жұмыс істейді. 2025 жылы комиссияның 6 отырысы өткізілсе, 2026 жылы 1 отырыс өткен, жыл соңына дейін тағы 6 отырыс жоспарланған.

2026 жылға арналған жоспар аясында еңбек қатынастарының ашықтығын арттыруға және құқық бұзушылық тәуекелдерін азайтуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылып жатыр. Олардың қатарында ұжымдық шарттарды цифрландыру, «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» ақпараттық жүйесіне электрондық еңбек шарттарын енгізу, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырумен қамтуды кеңейту бар. Сонымен қатар кәсіпорындарда кәсіби тәуекелдер бағаланып, жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілуде.

Ведомство басшысының мәлімдеуінше, өндірістік жарақаттануды азайту мақсатында мемлекеттік еңбек инспекторлары прокуратура органдарымен және кәсіподақтармен бірлесіп, еңбек ұжымдарымен көшпелі кездесулер өткізеді. 2025 жылы 73-тен астам іс-шара ұйымдастырылып, 4 400-ден астам қызметкер қамтылды. Сонымен қатар «iKomek 109» қызметінің WhatsApp-чаты жұмыс істейді, ол жазатайым оқиғалар туралы хабарламаларға жедел әрекет етуді қамтамасыз етеді. 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 265 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі тіркелгенін ескере отырып, еңбек заңнамасының сақталуы мәселесі мемлекет тарапынан ерекше бақылауда қалып отыр.

БИЗНЕСТІ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің хабарламасына сәйкес, елімізде микро және шағын бизнес субъектілері үшін қызметін тоқтату тәртібі жеңілдетілді.

Аталған департаменттің Түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы Қымбат Исенованың айтуынша, бұл «таза парақ» тетігі бойынша жүзеге асырыла отырып, бірқатар шарттар сақталған жағдайда камералдық бақылаусыз бизнесті жабуға мүмкіндік береді.

Бизнесті тоқтату тәртібі келесі талаптар бойынша:

- ҚҚС бойынша тіркеу есебінде болмау;
- салықтар мен әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқ;
- жекелеген қызмет түрлері бойынша тіркелмеген жағдайларда жүргізіледі.

Көрсетілген шарттар сақталған жағдайда қызметті тоқтату кезінде камералдық бақылау жүргізілмейді. Бұл ереже есептілік 2025 жылғы 17 желтоқсанға дейін тапсырылған және 2026 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салық кезеңдеріне қатысты болған жағдайда қолданылады.

Рәсімді аяқтау үшін салық органына келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- қызметті тоқтату туралы өтініш;
- таратуға байланысты салық есептілігі;
- бақылау-кассалық машинаны (БКМ) есептен шығару туралы өтініш.

Ведомствода жеңілдетілген тәртіп тек белгіленген талаптар толық сақталған жағдайда ғана қолданылатыны атап өтілді. Шарттар сақталмаған жағдайда қызметті тоқтату камералдық бақылау жүргізу арқылы жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Райхан РАХМЕТОВА



Үкімет тарапынан арнайы жүргізілген ауқымды сауалнама негізінде еліміздегі жоғары білім беретін оқу орындарында бір-бірін қайталайтын бағдарламалардың көптігі анықталды. Соның нәтижесінде шұғыл шешуді қажет ететін жүйелі мәселелер баршылық екен.

Осыған орай Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстандағы ЖОО-да 700-ден астам білім беру бағдарламасы қысқаратынын жеткізген еді. Оның ішінде 78 университеттегі 503 бағдарлама артық деп саналса, 26 бағыттағы 235 бағдарлама жүйедегі кемшіліктерді жою үшін тоқтатылады.

Ауқымды сауалнама арқасында анықталған бірнеше мәселені атап өтсек. Біріншіден, елде мамандардың негізгі үлесін 40-тан 59-ға дейінгі жас аралығындағы қызметкерлер құрайтыны анықталды. Бұл алдағы 7 жылдан 10 жылға дейінгі кезеңде экономиканың негізгі салаларында білікті мамандар тапшылығы туындау қаупі бар екенін көрсетеді. Сондай-ақ өңірлердің қажеттіліктері мен мамандарды даярлау арасындағы теңгерімсіздік те анықталған. Екіншіден, нақты кадр қажеттілігі мен мамандарды даярлау бағыттары арасында елеулі алшақтық бар екені белгілі болды. Үшіншіден, білім беру бағдарламаларының артықтығы және олардың тәжірибеден алшақтығы, білім беру жүйесінде шамадан тыс академизм, білім беру бағдарламаларының қайталануы байқалған.

– Қазақстанда технология өзгерістері мен саяси реформаларды жүзеге асыру жағдайында білім беру және кадрлар даярлау жүйесін трансформациялау бойынша жұмыс жүргізілуде. Расында, технологияның әсерінен әлем тез өзгеріп жатқандықтан, білім беру жүйесі осы өзгерістерге сәйкес келуі керек. Еліміз еңбек нарығына және экономиканың құрылымына тікелей әсер етіп отырған қарқынды технология трансформациясымен байланысты ауқымды сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр, – деді А.Балаева.

Тоқтатылатын бағдарламалар бойынша білім алып жатқан студенттер оқуын толық аяқтайды. Бірақ енді сол салаларға жаңадан студенттер қабылданбайды. Үкімет тарапынан кадр мәселесі бойынша жүргізіліп, 73 мыңнан астам отандық кәсіпорындар өкілдері қатысқан сауалнама арқылы білім беру бағдарламаларының жаңа талаптарға сәйкестігіне, олардың жаңарту және заманауи даярлау бағытын енгізу қажеттігіне кешенді талдау жүргізілді. Енді білім беру бағдарламалары бойынша 21 басым бағыт іске қосылып, 35 бағыт бойынша бағдарламалар жаңғыртылады. ЮНЕСКО ұсынымдарына сәйкес, жұмыс орнында оқыту үлесі бакалавриатта 25%-ға дейін, ал магистратурада 40%-ға дейін жетеді. Педагогика біліміне және жастармен тәрбие жұмысына да ерекше назар аударылды. Жастармен жүргізілетін тәрбие жұмысының өзегінде жалпыұлттық бірлікті нығайту болуы тиіс. Осылайша Қазақстан кадрлар даярлау саласындағы жүйелі саясатқа көшуде.

– Шынында, көптеген мамандық бағдарламалары бір оқу орнының ішінде бір-бірін қайталайды. Кадр дайындауда кейбір мамандықтар бойынша ұсыныс сұраныстан бірнеше есе асып түсетін кездер болып жатады. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын ЖОО-ны бітірген 100 мыңнан астам түлектің 60 пайызға жуығы өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмайды екен. Демек, Ғылым және жоғары білім, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ұлттық экономика министрліктері елімізге керекті мамандардың санын нақты анықтай отырып қана грант бөлуі керек. Мұғалімдер мен дәрігерлерді ақылы негізде дайындауды тоқтататын уақыт жетті. Кезінде Парламент қабырғасында мұны бірнеше рет көтергенімізбен орындалмай қалған еді. Жалпы Үкіметтің жоғары білікті мамандар даярлау саласын реформалауға бет бұрғанын толық қолдаймын, – дейді сенатор Мұрат Бақтияруұлы.

Көптің пікірі жаңа цифрлық дәуірге аяқ баса отырып, заманауи талаптарға жауап бермейтін мамандықтарды қысқартып, олардың орнына жаңаларын енгізу оң шешім дегенге саяды. Сала мамандары педагогика және медицина мамандықтарына сырттай, қашықтан, ақылы негізде оқытуды заңмен тоқтату керек деп санайды. Сонымен қатар педагогика білімін 4 жыл колледжден алса, ЖОО-ға қысқартылған мерзіммен колледжден кейін түскендерді 2-курстан қайтадан оқыту дұрыс емес. Себебі колледжде оқыған арнайы пәндерді, әдістемені, практиканы толық қайталайды. Сондықтан қай колледжді бітірсе де, қысқартылған мерзіммен өз мамандығы бойынша ЖОО-ға тапсырғанда білім беру бағдарламасын қайтадан оқытпай, бюджет ақшасын үнемдеп, 2 жыл мерзімде оқыту керек.

Талапкерлерді қабылдау жүйесіндегі бірқатар кемшілік те анықталуда, яғни тест нәтижелері талапкердің білімін толық бағалай алмайтынын, ал жоғары сынып оқушылары көбіне фундаменталды пәндерді терең меңгерудің орнына тест форматында дайындалуға бейімделген. Қаржы мүмкіндігіне негізделген ақылы оқыту жүйесі білім сапасының төмендеуіне және кәсіби даярлығы жеткіліксіз мамандардың еңбек нарығына шығуына алып келуде. Бұл әсіресе педагогика, медицина және инженерия мамандықтары үшін қауіпті. Осыған байланысты педагогтар мен дәрігерлерді даярлауда қосымша іріктеу механизмін енгізу, ал техника мамандықтарына қабылдау талабын өзгерту қажеттігі айтылуда. Жоғары білім беру жүйесінде сандық көрсеткіштерден сапалы нәтижеге көшу – стратегиялық міндет.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде «мұғалімдерге ККСОН, SCOPUS, диссертация жазып береміз» деген мазмұндағы жарнамалардың күрт көбеюі байқалады. Бұл құбылыстың кездейсоқ емес екені анық. Сарапшылардың пікірінше, мұндай үрдіске педагогтарды аттестаттау жүйесіне енгізілгелі жатқан өзгерістердің қоғамда кеңінен талқылануы түрткі болып отыр.

ӨЗІН ДАМЫТА МА, БАЛА ОҚЫТА МА?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Алда болатын өзгерісте педагогтар үшін бірқатар жеңілдік қарастырылғанымен, кәсіби талаптардың күшейетіні айқын аңғарылады. Әсіресе «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» сияқты жоғары біліктілік санаттарына қол жеткізу тетіктерінің күрделене түсу мүмкіндігі педагогика қауымдастығы арасында алаңдаушылық туғызуда.

Қоғамда жүріп жатқан талқылауларға назар салсақ, бұл педагогты нақты кәсіби нәтижесінен гөрі формальды көрсеткіштерге тәуелді етіп тастамай ма деген ойға жетелейді. Яғни педагогтың шынайы педагогикалық шеберлігі мен оқыту сапасынан гөрі портфолио көлемі, құжат саны және сыртқы көрсеткіштер маңыздырақ болып кетуі ықтимал. Сонымен қатар жоғары біліктілік санаттарына үміткер педагогтарға олимпиадаларға қатысу, ғылыми жобалар жүргізу, зерттеу қызметімен айналысу сияқты талаптардың қойылуы – кәсіби даму ынталандыратын құрал ретінде қарастырылғанымен, тәжірибеде бұл талаптардың орындалуы біркелкі емес. Қоғамда ККСОН немесе SCOPUS деңгейіндегі ғылыми жарияланымдарға қатысты талаптардың болуы мүмкін деген пікірлердің таралуы да осы алаңдаушылықты күшейте түсуде. Бұл мәселе әсіресе өңірлік теңсіздік тұрғысынан өзекті. Ауылдық жерлердегі педагогтардың ғылыми инфрақұрылымға, академиялық ортаға және кәсіби қолдауға қолжетімділігі шектеулі екені белгілі. Мұндай жағдайда барлық педагогқа бірдей талап қою мүмкін бе?

Жалпы мұғалімдерге қойылатын талаптардың күшеюі – заңды әрі қажетті үрдіс. Білім сапасы оның кәсіби деңгейімен тікелей байланысты. Алайда бұл жерде маңызды сұрақ туындайды: жалпы орта білім беру жүйесіндегі мұғалімнің негізгі миссиясы қандай болуы тиіс? Ол, ең алдымен, оқушыға сапалы білім мен тәрбие беру ме, әлде ғылыми зерттеулер жүргізіп, академиялық жарияланымдармен айналысып, өз дәрежесін көтеру ме?

Қазір жоғары оқу орындарының өзінде ғылыми мақала жариялау айтарлықтай күрделі үдеріс болып отыр. Тіпті ғылыми дәрежесі бар мамандардың өзі халықаралық деңгейдегі жарияланымдарға қол жеткізуде елеулі қиындықтарға тап болуда. Осындай жағдайда мектеп мұғалімдеріне ғылыми жарияланымдарға бағытталған талаптардың жанама түрде жүктелуі олардың негізгі кәсіби қызметіне кері әсер етуі ықтимал. Нәтижесінде педагогтар өз уақытын білім сапасын арттыруға, оқушылармен жұмысқа емес, формальды көрсеткіштерді орындауға, құжат жинауға және жалақыны арттыруға бағытталған біліктілік рәсімдеріне жұмсауы мүмкін. Бұл – білім беру жүйесінің түпкі мақсатына қайшы келетін үрдіс. Осыған байланысты педагогтарды аттестаттау жүйесін жетілдіру барысында теңгерімді тәсіл қажет. Бір жағынан мұғалімнің кәсіби дамуын ынталандыру маңызды болса, екінші жағынан оны артық әкімшілік және формальды жүктемеден қорғау да назардан тыс қалмауы тиіс.

ЖАҢА ЗАҢДЫ ТҮСІНДІРДІ

Астанадағы Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейде «Жаңа Конституция – «Адал азамат» бағдарламасын қалыптастырудың негізі» тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты – оқушыларға ҚР жаңа Конституциясының мазмұнын түсіндіру, оқушылардың құқықтық сауатын арттыру, азаматтық жауапкершілік пен «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру.



Сынып жетекшісі Аида Ләззатова сабақтың оқушылар бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, патриотизм, заңға құрмет, тәртіп сақтау, білімге ұмтылу және экология мәдениеті қасиеттерін қалыптастырудағы маңызына тоқталды.

«Конституцияны құрметтеу арқылы оқушылар өз құқығы мен міндетін түсініп, қоғамға пайдалы, саналы, жауапты азамат болуға тәрбиеленеді. Біз өз құқығымызды, міндетімізді, заңды құрметтеуді және нағыз адал азамат қандай болу керек екенін білуіміз керек» деп ол сабақты «Шаттық шеңбері» тапсырмасымен бастады. Барлық оқушы шеңберге тұрып, «Адал азаматтың бойында қандай құндылықтар болуы керек?» деген сұраққа жауап берді. Олар бұл сауалға жауап ретінде «адалдық, әділдік, жауапкершілік, патриотизм, заңға бағыну, тәртіп, еңбекқорлық, білімге ұмтылу, табиғатты қорғау, үлкенге құрмет» деген құндылықтарды алға тартты.

– Бұл қасиеттердің барлығы әр азаматтың бойында болуы тиіс. Ал осындай азаматты қалыптастырудың негізі не деп ойлайсыңдар? Әрине, оның негізі – Конституция, яғни еліміздің басты заңы, – дей келе, мұғалім сынып сағатын бастады. Сабақ барысында оқушыларға «Жаңа Конституция – Әділетті Қазақстанның негізі» тақырыбында қысқаша бейнеролик көрсетілді. Балалар видеоны талқылап, Конституция не үшін қажеттігі туралы ойын айтты. Слайдпен жұмыста «Адал азамат» бағдарламасы, оның негізгі құндылықтары түсіндірілді. Одан әрі «Парламент отырысы» әдісі бойынша сынып 3 топқа бөлінді. 1-топ: 30-бап – Білім алу құқығы, 2-топ: 34-бап – Заң мен тәртіп, 3-топ: 38-бап – Табиғатты қорғау туралы айтты. Барлық бапты түсіндіріп, оларды өмірмен байланыстырды, мысалдар келтірді, ұсыныстар білдірді. Сонымен қатар «Конституция ағашы» әдісі бойынша балалар «Мен адал азамат болу үшін не істеймін?» деген сұраққа жауап берді. Ол үшін заңды құрметтеу, тәртіп сақтау, жақсы білім алу, табиғатты қорғау қажеттігіне тоқталды. Үй тапсырмасы бойынша «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбында 5-7 сөйлемнен тұратын шағын эссе жазу тапсырылды. Мұғалім сынып сағатының негізгі ойын қорытындылап, Конституция мемлекеттің негізгі заңы екенін, ал «Адал азамат» сол заңды құрметтейтін, елге пайдасын тигізетін тұлға екенін түсіндірді. Мұндай құқықтық тәрбие сағаттары оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға және Әділетті Қазақстанның іргетасын қалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеуге септігін тигізеді.

№52 (4950) 05/05/2026 Сейсенбі

ЖҰРТЫНЫҢ ЕРКЕ ҰЛЫ ЕДІ...

Жақсылық тіпті мектепке бармас бұрын-ақ күрес десе елеңдеп, ауладағы балалармен күш сынасуды ұнататын. Ол туралы өзі айтатын. Жақсылықпен бірге Олимпиада ойындарында, дүбірлі спорт жарыстарын тамашалаған кезде байқағаным, ол арқасы қозып, тыныш отыра алмайтын. Әттең, әдісті дұрыс жасай алмады ғой, аяқтан шалу керек еді деп мазасызданатын. Күрес аяқталған соң сол баланың жанына барып, ақылын айтатын.



Жақсылық Олимп шыңына көтерілмес бұрын қиянатты көп көрді. Одақ чемпионаттарынан нөмірі бірінші балуан болса да шеттетілетін. Төрешілер, спорт басшылары әлі жассың, келесіде сен барасың деуден тайынбайтын. Алайда ерік-жігері күшті, ерінбей-жалықпай ол өзі қатысқан жарыстардың барлығынан жеңіспен оралып жүрді. Міне, мына нәтижелер соның куәсі болса керек.

1975 жылы КСРО халықтарының жазғы спартакиадасында чемпион атанды. Екі дүркін КСРО чемпионатында, яғни, 1975 және 1980 жылдары жеңіс тұғырына көтерілсе, алты рет жүлдегер атанған. Ол ол ма, сол кездегі дүбірлі жарыс – Бүкілодақтық ауыл спортшыларының біріншілігінде қатарынан үзбестен тоғыз рет бірінші орыннан көрінді. Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері деген атағы бар. 1981 жылы Финляндияның «Тул» спорт клубы ұйымдастырған халықаралық жарыста жеңістің биік тұғырынан қол бұлғады. Ал бұл жарысқа әлемнің жүзге тарта елдерінен кілең мықты балуандар бас қосқан еді. Сол жылы Иван Поддубныйды еске түсіруге арналған халықаралық турнирде де топ жарды.

Жақсылықтың ізгі істері қалды. Ол өз атындағы шаруа қожалығын басқарды. Қожалығында мыңдаған малы болды, Мыңбай ауылында ондаған әлеуметтік ғимараттар салып, ауылдастарын жұмыспен қамтамасыз етті.

– Мен Олимп шыңына көтерілгенше қиянатты көп көрдім. Сол кезде нөмірі бірінші балуан болсам да сын сәтте спорт магнаттары тобықтан қағып отырды. 1976 жылы Канаданың Монреаль қаласында жалауы желбірейтін XXI жазғы Олимпиада ойындарының басталуына санаулы күндер қалған. Жақсылық өзінің Олимпиадаға баратынына сенімді болды. Красноярск қаласының тумасы Алексей Шумаков оның алдын орап кетті. Шумаковты ол еркін ұтатын. Мына қызықты қараңыз, Сол Шумаковпен ойда жоқта Лондонда кездесіп қалдық. Жақсылықты көрген кезде оны бас салып, құшақтай алды. Екеуі дос екен. «Жақсылық болмағанда, мен Олимпиада чемпионы болмас едім» деп ағынан жарылды. Бұл сөздің сырын сұрағанымда қарапайым Жәкең жымиып, «Монреальға менің баратыныма ол да сенімді болды». Бірақ басқалар құсап шу көтерген жоқпын, жолымды бергеніме ризашылығы ғой деді.

48 келі салмақтағы Жақсылықтың қарсыластары кілең «сен тұр, мен атайын» дейтіндей мықтылар болды. Олимпиада чемпионы А.Шумаков, атақты румын балуаны Константин Александру, поляк Роман Керпач, болгар А.Христов, тағы басқалар Жақсылықтың мықтылығын мойындады. Оған кілемде жол берді.

Мәскеу Олимпиадасынан кейін Д.Қонаев өз резиденциясында саңлақтарды қабылдады. Жақсылықты құшағына алып, «бір жапырағым менің, еліміздің атақ-даңқын шығардың ғой. Сендер де Жақсылық сияқты таланттарға қолдау көрсетіңдер» деп тапсырды.

Жақсылық – тірі. Оның ізбасарлары мыңдап саналады. Алайда ол өзінен кейін Олимп шыңын бағындырған қазақ жастарын көре алмады. Арманына қол жеткізе алмады. Келешекте қазақ жастары арасынан олимпиада чемпионы шығып жатса, Жақсылықтың рухы шат болып, бір аунап түсетін шығар...

...Өмір-жалған! Амал бар ма, қазақ елінің арда ұлы, Олимпиада ойындарының чемпионы, Әлем чемпионы, Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіров тірі болғанда санаулы күннен соң 75 жасқа толар еді. Ол өзінің 70 жасқа толған мерейтойына тоғыз ай қалғанда ковидтен қайтыс болды. Ажалға кім араша тұрған, Жақсылық біздің есімізде, грек-рим күресінен қазақ жастары арасында тұңғыш Олимпиада чемпионы атанған батыр ұлын қазақ елі ұмытқан емес. Ұмытпайды да. Оның есімімен аталатын көшелер еліміздің қалаларында жетерлік. Астананың төрінде Қабанбай батыр атындағы даңғылындағы Жақсылықтың асқақ ескерткіші тұр. Дәл сол жерде батыр атындағы Жекпежек спорт сарайында тұрақты түрде байрақты бәсекелер өтіп тұрады.

...Жақсылықпен таныс болған қырық жылға таяу уақытта төрт Олимпиада ойындарында, Алматы мен Астанада өткен қысқы Азия ойындарында, бірнеше халықаралық жарыстарда, Өскемен мен Семейде, Шығыстың Көкпекті, Жарма аудандарында бірге болған едік. Сонда байқағаным, Жәкең нағыз халықтың сүйікті ұлы болды. Жұрт құшағына алып, балаша еркелететін. Қойған сауалдарға тиянақты жауап қайтаратын. Мына бір оқиғалар көз алдымнан өтіп жатты.

...1984 жыл. Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысымын. Бізбен қатар оқитын Торғайдың Амангелді деген жігіті бірде мені Жақсылықпен таныстырды. Екеуі Семейдің мал дәрігерлік институтында бірге оқыпты. Кез келген адаммен тіл табысып, шүйіркелесе кететін Жақсылықпен тіл табысып, араласа бастадық. Екеумізді спорт жақындастырды десек те болады. Күрес түрінен қазақ жастары арасында Олимпиада ойындарының тұңғыш чемпионы жайлы облыстық газетке мақала жазғаным есте қалыпты. Оқу бітіріп елге оралған соң оқта-текте болса да хабарласып тұрдық. Ол кезде Алматыда күн сайын дерлік түрлі кездесулер, айтыстар жиі өтіп тұрады. Кездесе қалғанда әңгімелесіп, спорт тақырыбын қаузайтынбыз. Бір байқағаным, Жақсылық өте қарапайым, үлкенмен де, кішімен бірден тіл табысып, емен-жарқын әңгімелесетін. Семейдегі мал дәрігерлік институтына оқуға түсерде Жәкеңнің тиыны таусылып қалып не істерін білмей дал болады. Бірде қаланы қақ жарып ағып жатқан еліміздің бас өзені – Ертістің жағасына келеді. Міне, қызық! Өзеннің жағасында малдасын құрып алып балаларды Ертіс өзенінің ар жағына малтып шыққандарға бес сом ақша беремін деп отырған егде жастағы адамды көреді. Бес сом қыруар қаржы. Салып ұрып жанына келеді.

– Аға, мен дайынмын.

Көзін сығырайта қараған ел ағасы кенеттен:

– Қай жақтың баласысың? Ертіс – ағынды, асау өзен. Бұл өміріңе қауіпті ғой, – деді байыппен.

– Талас өзені де асау. Оның арғы-бергі жағына күніне бірнеше рет, тіпті кейде он рет жүзіп өтетінбіз.

Хош, сонымен Таласты бағындырдырған жүректі балаң жігітке сол күні Ертістің арғы-бергі жағына екі рет жүзіп өтуге тура келді. Он сомдықты ұсынып жатып, жарысты ұйымдастырған қария, балам, алған бетіңнен қайтпайтын өжет екенсің, осы бетіңнен тайма, – деді ризашылықпен.

Сол жолы сабақты іс сәтімен дегендей, Жақсылық Семейдің мал дәрігерлік институтына оқуға түсті. Бес жылда еркін күреспен, соңынан грек-рим күресімен мықтап шұғылданды. Олимп шыңын бағындыру қасиетті де киелі Семей елінен басталды десе болғандай. Семейге келген сайын ол қаланы аралайтын, ерке Ертістің жағасына барып, жастық шағын еске алатын. Семейге деген Жәкеңнің ыстық-ықыласы ерекше еді. Тек Семейде емес, шырайлы Шығыста Жақсылықтың достары, спортты серік еткен інілері аз емес, Олимпиада чемпионы келе қалса балалармен кездесулер өткізетін. Семейліктер де Жақсылықты ерекше құрметтейтін, өз балаларындай бауырына тартатын. Соның нақты дәлелі емес пе, өткен жылы Семейдегі дарынды балаларға арналған спорт академиясына Жақсылық Үшкемпіровтің есімі берілді. Бұл шараға біз де қатысқан едік. Жарыс жастарға тәлім беретіндей әсерлі өткен еді.

...Қайран, Жақсылық! Сұм ажал тұңғыш Олимпиада чемпионын арамыздан ерте алып кетті. Халқымыз Жақсылығын алақанына салып еркелетті, көзі тірісінде Семейдегі спорт академиясына есімін берді. Таяуда өз атындағы спорт академиясында Жақсылық Үшкемпіровті еске алуға арналған халықаралық турнир өтпек. Абай облысының әкімі Берік Уәли байрақты доданың ел есінде қалатындай, балғын балаларға тәлім-тәрбие беретіндей әсерлі өтуіне тапсырма беріпті. Бәрекелді! Жақсылық елінің сүйікті азаматы болды. Оның ізбасарлары мыңдап саналады. Алдағы күндері күрес түрлерінен қазақ жастары арасында Олимп шыңын бағындыратын оғландар шығатынына кәміл сенеміз...

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақстанның құрметті спорт қайраткері»,
спорт журналисі

«МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАН ДАУЫСЫ

«Менің Қазақстаным» әні осыдан 70 жыл бұрын, яғни, 1956 жылы жазылған. Бұл уақытта ән жанрының майталманы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов та, көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Жұмекен Нәжімеденов те Құрманғазы атындағы консерваторияның студенттері болатын.

Әйгілі ән сол уақыттан бастап ел арасына кеңінен тарап, тыңдарманның жоғары бағасын алды. Елдің рухын оятты, көпшілікті отансүйгіштікке, ел мен жер қадірін білуге шақырды. Жастар жарыса орындап, жүректеріне ұлтжандылықты берік орнатты. Қажет тұсында осы әнмен кеуделеріндегі толқынысты, күрсіністі сыртқа шығарды. Солайша мемлекеттің келешегіне бей-жай қарамайтындарын байқатты. Желтоқсанның ызғарлы желінде де жастарға рухани демеу болған – осы ән!

Бұл музыкалық туындыда байтақ Қазақстанның көркем табиғаты, ерекшеліктері көрініс тапқан. Ән мәтінінде қазақтың үміті мен сенімі бар. Барлығы шынайы. Бұл ән – қазақтың қорғанышы, жол нұсқаушысы секілді.

Әннің түпкі мән-мағынасында елдің азаттығы, еркіндігі, арман-мұраты жатыр. Демек, Шәмші мен Жұмекенді қазақ халқынан бөліп қарай алмаймыз. Олардың көркем туындылары қазақпен бірге ғұмыр кешіп келеді.

Осылайша «Менің Қазақстаным» 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде Мемлекеттік гимн болып бекітілді. Осы патриоттық әннің Әнұран ретінде қабылданғанына биыл 20 жыл толып отыр.

Рәмізтанушы Ербол Шаймерденұлының сөзімен айтсақ, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны – елдің ресми музыкалық-поэтикалық эмблемасы, әдеби-сазды төлқұжаты. Ол халық жүрегінің лүпілін тұмар ғып түйген музыкалық сәлемхат іспеттес». Расында «Менің Қазақстаным» халық жүрегінен орын алып, әлдеқашан Әнұранға айналған еді...

Жұмекен ақынның зайыбы Нәсіп Мұстахова өз естеліктерінде ақынның осы әннің мәтінін екі-ақ сағатта жазғанын айтады. Өлеңнің тез жазылуы және сапалы болуы оның қанша уақытта жазылғанына байланысты емес. Өлеңнің сапасына ақынның оны жазғанға дейінгі дайындығы әсер етеді. Қаламгер өлеңді жазарда ой үстінде жүреді. Қоғамдық-саяси оқиғалар оған әсер етпей қоймайды.

Жұмекен мен Шәмші екпінді әнмен ел-жұрттың санасын сілкіндірді. «Ән мәтінінде «партияға» қатысты ештеңе жоқ» деп кезінде сынағандар да болған. Сөзі өзгертілген. Сөйлемдер құбылса да, тұтас туындының бойындағы қайсарлық, терең дүниетаным, елжандылық өшкен жоқ. Себебі Шәмші де, Жұмекен де – қазақ халқының бірегей ұлдары. Екеуі де – ұлттық таным-түсінікті бойына сіңірген өнердің өз адамы. Бірі – ән өнерінің, бірі – сөз өнерінің алыбы.

Анығында оларды тың игеру жылдарындағы ел ішіндегі жағдай, сол кездегі ахуал алаңдатты. Сол бір алаң кеудеден ән боп ұшты, қағазға өлең боп түсті. Бұл әнді алғаш болып Қазақстанның халық әртісі Жамал Омарова орындады. Қазақ радиосы арқылы тараған ән күллі қазақ даласын тербеп, халықтың жүрегіне ұялады.

«Кейін ән дайын болғанда Жамал (Омарова) апамызға барып көрсеттік. Жамал апайымыз бірден ұнатып, қағып алды да, радиоға барып орындады. Радиодағы жігіттерге күніне осы әнді бір-екі рет беріп қойыңдар деп айтып қойдық. Сонымен күніне радиодан бір-екі рет «Менің Қазақстаным» әнін беріп отырды. Қазақ жері осылайша бөлшектелгелі жатқанда, оның асқақтығын жырлайтын Әнұран қажеттігін сездім. «Менің Қазақстаным» солай туды» дейді әйгілі композитор.

Иә, Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімеденовтің жастық шағы өткен заман расында қиын-тұғын. Сол заманда адамдар ішкі ойларын емін-еркін ақтара алмайтын. Жан-жақты бақылау да, шектеу де көп болатын. Расында қазақтың жері талан-таражға түскелі тұрды. Құнарлы жерге көз алартқандар ағыла бастады. Ел басына төнген қауіпті өнер иелері бірден аңғарды, бірден сезді.

«Маған жақын нәрсе – халқымның жүрегі, менің әндерімнің болашағы – халқымның тағдырына байланысты. Халқым барда менің әндерім бар» дейді ұлттық композитор Шәмші Қалдаяқов. Бұл рас сөз. Қазақстан Халық



жазушысы Тұманбай Молдағалиевше сөз сабақтар болсақ, «оның әндері мәңгі айтылады...».

Ал Жұмекен – тектілердің ұрпағы, ұлттық ақын. «Бұл кісі қазақ деген халықтың моральдық портретін жасады» дейді көрнекті қаламгер Есенғали Раушанов.

Ербол Шаймерденұлы «Елтаным» атты кітабында Мемлекеттік Әнұран хақында тереңнен ой толғаған. Ол қазақ халқының бағзыдан саз бен сөзді айрықша бағалап, өнер адамдарын әуелден құрмет тұтатынын айтқан. Оған қоса ата-бабамыздың өнер иелерін қасиетті тұлға санап, көркем туындыларға ерекше құбылыс ретінде қарағанын жеткізген.

«Әнұран қашанда дәуір рухынан туады. Халықтың тағдырымен байланысты ойларды кәделеп, халықтың жүрегін билеген ортақ сезімдерге негізделеді» дейді Ербол Шаймерденұлы.

Қаламгер Марат Азбанбаевтың «Менің Қазақстаным – Жұмекен» атты кітабында ақынның шығармашылығына, өмір жолына қатысты біраз дерек жазылған. Әнұран туралы да ойлар айтылған. Оған қоса Жұмекеннің Мәди Бәпиұлының «Қаракесек» әнін жақсы көргенін айта келе, Ахмет Жұбановтың Мәдидің осы бір әнін музыкалық тұрғыдан қазақ халқының гимні деп бағалағанын жеткізген. Поэтикалық тұрғыда Мәдидің әнін жеке тұлғаның жан әлемі ретінде қарастыруға болады. Ал Әнұранда тұтас мемлекеттің арман-мұраты, ұлттық ерекшеліктері суреттелуі керек.

«Тереңдіктің не екенін түсінетін Жұмекен өлеңнің алғашқы жолдарының өзін бірден тереңнен, тарих қойнауынан тартты. Өлең нұрын сонау ғұн, сақ, түркі биігінен таратты. Өлең тұнып тұрған тарихи сана, таным, тағылым» дейді Марат Азбанбаев.

Шәмшінің әр әнінде, Жұмекеннің әр өлеңінде ұлттың жүрегі, ұлттың жаны бар. Г.Потанин: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» депті. Сол бүкіл қазақ даласы «Менің Қазақстанымды» шырқап тұрған сыңайлы.

Мәрлен ҒИЛЫМХАН

Шамғұл Ыбырайымұлы 1891 жылы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Жыңғылды – Тұщыбек ауылында дүниеге келді. Шамғұл өзінен бұрынғы Есір, Есбай, Құлшар, Қартбайлардың күйлерін бізге жеткізіп қана қоймай, өз жанынан да біраз күйлер шығарған. Осы мақаламызда Шамғұлдың «Шамғұл ақжелең», «Қолбасы», «Қазақстан» атты күйлеріне талдау жасап көрдік.



БАБАДАН ЖЕТКЕН САРЫН

«ШАМҒҰЛ АҚЖЕЛЕҢ»

Шамғұл бұл күйді ел арасына атағы шығып, күйшілігі толысқан кезде, орта жасқа келген шағында шығарған секілді. Себебі бұл күй күллі Шамғұл шығармаларының басын біріктіретін музыкалық автопортрет.

Күйдің атына байланысты төмендегідей жағдайларды атап айтуға болады. Қазақтың жыршылық, күйшілік дәстүрінде шығарушы (автор) кей туындыларын өз атымен атайтын салт ежелден қалыптасқан. Мысалы, Қазтуғанның «Қарға бойлы Қазтуған» жыры, Абылдың күйі «Абыл», Дайрабайдың күйі «Дайрабай», «Соқыр Есжан» секілді халықтық шығармалар күйді шығарушының өз аттарымен аталған, тарихта сол аттарымен қалған. Шамғұлдың «Ақжелеңі» де – сондай авторлық күй, терминологиялық сипат тілімен айтсақ, «Музыкалық автопортрет». Яғни, күйші осы шығармасы арқылы өзінің қолтаңбасын қалдырған. Біздің ойымызша, Шамғұл елге аты шыққан күйшілермен сайысқанда, шаршы топта тартысқа түскенде тартатындай өзіндік музыкалық стилін жасаған.

Шамғұлдың «Ақжелеңі» – толғау күй, байырғы музыкалық қайырымдар ізін жоғалтпаған, жаңаша да шабыт қосылған күрделі әрі көлемді күй. Күй мазмұнына келсек, Шамғұл өткен ғасырдың 30-жылдарындағы халықтың басына түскен ауыртпашылықты күйге қосады, өзінің «тар жолда тайғақ кешкен» ауыр тағдыры да осы музыкалық суреттемеде төгіліп тұрады. Күй жылдам екпінде орындалмайды, керісінше халықтық жыр сарынымен желдірмелете, термелете орындалады.

Күйдің XX ғасырдың басындағы қазақтың аласапыран тарихына тікелей қатысы бар, себебі Шамғұлдың заманында қазақ даласында «Кіші октябрь» қырғыны болды, халық үркіншілікке ұшырады, малынан айрылды. Осы кезеңдегі ел басына түскен ауыртпашылық, кеңес үкіметінің қанды зобалаңы Шамғұл күйінің негізгі өзегі болды десек, қателеспейміз. Ескеретін жағдай мынау, орындаушылық өнер барысында күйдің осы трагедиялық мазмұны ескерілуі керек. Жас күйшілердің көбісі жылдам тартуға құмар, егер осы күйдің ырғағын қасақана жеделдетер болсақ, күй өзінің ішкі трагизмінен айрылып қалады, жалаң тартылады.

«Ақжелең» деген сөздің де қасиеті бөлек, себебі қазақ күйлерінің ішіндегі күрделі композицияға құралған туындылардың дені «Ақжелең» деп аталады. «Ақжелең» байырғы күйдің бір жанры секілді. Қазақта «Алпыс екі тамырды иітетін Ақжелең күй» деген ескі сөз қалған. «Шамғұл Ақжелеңінің» ерекшелігі мынада, күйші классикалық Ақжелең жанрында туынды шығара отырып, маңғыстаулық байырғы сарындарды қосып отырады, бұл аймақтық күйшілік мектептің сақталғанын көрсететін фактор саналады.

«ҚОЛБАСЫ» КҮЙІ

Бұл күй жобамен соғыстан кейінгі жылдары шыққан. Негізгі тақырыбы – Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақ майдангерлерінің жанкешті ерлігі. 1941-1945 жылдар аралығындағы соғыста Қазақстаннан барған қаншама батырларымыз шейіт болды, қаншасы мүгедек болып елге оралды, күй осы бір ауыр кезеңдегі елдің ахуалын баяндайды. Әрбір қазақ шаңырағынан бір азамат соғыстан қайта оралмады десек те болады. Қазақстанда жасақталған Панфилов дивизиясы Мәскеуді жау шабуылынан аман алып, тарихта аттары қалды. Бұдан бөлек, қазақтың қыздары Мәншүк, Әлия, Хиуаздар да шығыс халықтары арулары арасынан бірінші болып Кеңестер одағының батыры атанды. Күйшінің өз туыстары, әулеттес бауырларынан да майдангер болғандар, тыл ардагерлері көп болды.

Күйдің жалпы тартылу техникасы, қағыстары мен басар пернедегі дыбыс аралықтары (интервал) осындай формада шыққан басқа күйлерге ұқсамайды, мұнда автордың өзіндік ізденісін, жаңашылдыққа ұмтылған сазгерлігін айқын аңғаруға болады. Әсіресе, күйдің сағасына келгенде астыңғы ішектегі бірінші октаваның «фа» нотасы мен үстіңгі ішектегі екінші октаваның «ми» нотасы қатар басылады, яғни, кіші секунда дыбыс аралығы күйге ғажайып бояу береді, осы дыбыс арқылы шығарманың ішкі мазмұнын, контрасттары мен кульминацияға барар буындарын әсерлеп жібереді. Маңғыстау күйлерінде астыңғы және үстіңгі дыбыстардың полифониялық өрнегі көп кездеседі, алайда «Қолбасы» күйіндегі әрекет полифониялық өрнек емес, керісінше тек қана сирек кездесетін секунда арқылы белгілі бір дыбыстық тембр жасайды. Қорыта айтқанда, «Қолбасы» күйі – жаңа заманда шыққан толғаулы туындылардың бірі, орта екпінмен толғау формасында тартылады.

«ҚАЗАҚСТАН»

Отан, туған жер тақырыбына патриоттық сезіммен шыққан салтанатты күй. Негізгі формасы – жыр үлгісінде. Шамғұл күйші – өте зерделі, ойлы композитор. Мысалы, осы күйде Еуропадағы «сөзі жоқ ән» (песня без слов) деген аспаптық шығармалар мәдениетіндегі үлгіге ұқсас форманы қазақ күйінен тапқандай әсер береді. Мұнда да халықтық нақыштағы жыр-терме дәстүрімен шыққан, бірақ «сөзі жария болмайтын» жыр-күй туындаған. Жалпы, Шамғұлдың сазгерлік қолтаңбасында Маңғыстаудың дәстүрлі күй мектебіне тән техникалық тәсілдер көп болғанымен, оның авторлық көзқарасында жаңашылдық көп. Сонымен қатар оның патриоттық тақырыпта күй шығарған өз кезеңіндегі басқа композиторлардан жеке дара бөлек тұратындай тұлғалылығы да бар. Ол осы күйінде кеңес заманындағы үйреншікті марш екпінді интонацияларға жоламайды, керісінше халықтық сарындағы дәстүрге берік болады. Нәтижесінде нағыз қазақы сарынды, жаңа тұрмысқа, жаңа заманға лайық келетін дәстүрлі жыр күй шығарған.

Сөз соңында айтпағымыз мынау, Шамғұл күйлері XX ғасырдағы домбырашылық өнеріміздің тамаша үлгісі, оның күйінде кездесетін ұтымды қайырымдар, сезімді селт еткізетін музыкалық буындар қазақ күйінің жаңа замандағы үнін байыта алады, сонымен қатар ата-бабадан келе жатқан сарын сүрлеуін ұмытпауды өсиет ететіндей. Шамғұл күйлерін теориялық яки орындаушылық тұрғыда зерттеу жұмыстары әлі толық жүрді деп айта алмаймыз, күйші мұрасының кешенді зерттелуі ғылымның бір абыройлы міндеті болары сөзсіз.

Жұмабек БОРАНБАЙҰЛЫ,
К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері

АНОНС

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Астана қаласы бойынша Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаменті» РММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Астана қаласы бойынша Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаменті (бұдан әрі – Департамент) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, 2026 жылғы 12 мамырдан бастап сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлайды.

Осыған байланысты, 2026 жылғы 12 мамырға дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын проблемалық мәселелерді (нормативтік құқықтық актілерде, жұмыс процестерінде және т.б.) төмендегі бағыттар бойынша жолдауларыңызды сұраймыз:

1) зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша – электрондық мекенжай: **a.melleshov@enbek.gov.kz**, жұмыс телефоны: 8-7172-24-83-19;

2) МӘС мәселелері бойынша – электрондық мекенжай: **k.ismailov@enbek.gov.kz**, жұмыс телефоны: 8-7172-24-91-08;

3) әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша – электрондық мекенжай: **b.turekhanov@enbek.gov.kz**, жұмыс телефоны: 8-7172-24-82-50.

Сұрақтар туындаған жағдайда жоғарыда көрсетілген телефон нөмірлері мен электрондық пошталарға хабарласуларыңызды сұраймыз.

«Elorda Aqparat» медиахолдингі мен «Astana aqshamy» газетінің ұжымы Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, газетіміздің тұрақты авторы Зулфухар Ғайыповқа әкесі **Сұлтанбек Ғайыповтың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ербол ЖОЛДАНҒАР,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ



– Құрметті Ербол Қабдығалиұлы, мемлекеттік қызметтер көрсету саласында қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытында Департамент қандай шаралар қабылдайды?

– Департамент қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарын «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы аясында жүзеге асырады. Бұл жұмыстар қызмет алушылардан келіп түсетін шағымдарды қарау, жоспарлы тексерулер жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қашықтықтан мониторинг жүргізу арқылы іске асырылады.

– Құқықтардың қалпына келтірілген нақты бір мысалын келтіре аласыз ба?

– Әрине. Жақында Департаментке астананың тұрғынынан жүктілік және босануға байланысты табысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді рәсімдеу кезінде қиындықтарға тап болған шағым түсті. Барлық талаптарды сақтағанына қарамастан, оған мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартылған.

– Түсінікті. Осы өтініш бойынша Департамент қандай әрекеттер қабылдады?

– Өз құзыретіміз аясында біз өтінішті жан-жақты қарастырып, ұсынылған құжаттар толық зерделеніп, жағдайға құқықтық тұрғыдан талдау жүргізілді.

– Өтініш берушінің уәждері расталды ма?

– Иә, қарау барысында қызмет көрсетуші тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғаны анықталды. Яғни, азаматшаға мемлекеттік қызмет көрсету барысында белгіленген рәсімдер толық сақталмаған.

– Анықталған заң бұзушылықтарды жою үшін қандай шаралар қабылданды және нәтижесінде азаматшаның құқығы қалпына келтірілді ме?

– Иә, ең алдымен жол берілген бұзушылықтарды және оларды жою жөніндегі ұсыныстарды көрсете отырып азаматшаның бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істі жүзеге асыру үшін «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Астана қаласы бойынша филиалына жолданды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде Қор филиалы істі қайта қарап, нәтижесінде мемлекеттік қызмет толық көлемде көрсетіліп, азаматшаға тиісті әлеуметтік төлем тағайындалды.

– Болашақта осындай жағдайлардың алдын алу үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Департамент тарапынан Қор филиалына мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша нақты ұсынымдар берілді. Сонымен қатар, осындай бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғалардың жауапкершілігін қарау мәселесі көтерілді.

Жалпы, біз тек жекелеген жағдайларды шешумен шектелмей, жүйелі түрде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға, ашықтық пен тиімділікті арттыруға бағытталған жұмыстарды тұрақты негізде жүргіземіз.

МҰЗ АЙДЫНЫНДАҒЫ ШОУ

Астанада «Мұз айдынындағы чемпиондар» атты ауқымды мұз шоуы өтті. Қойылым «Барыс Арена» мұз сарайында ұйымдастырылып, оған 9 мыңнан астам көрермен жиналды.



Шоуды танымал бапкер Этери Тутберидзе басқарды. Мұз айдынына әлемдік мәнерлеп сырғанау спортының жұлдыздары – Элизабет Тұрсынбаева, Алина Загитова, Александра Трусова, Аделия Петросян, Пётр Гуменник және өзге де атақты спортшылар шықты.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, шоуға деген қызығушылық өте жоғары болды. Чемпиондардың өнерін тамашалауға тек елорда тұрғындары ғана емес, Қазақстанның түрлі өңірлерінен, сондай-ақ жақын әрі алыс шетелдерден келген көрермендер жиналды.

Мұндай ауқымды іс-шаралардың өткізілуі Астананың халықаралық спорттық және мәдени жобаларды өткізе алатын маңызды алаң екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

№52 (4950) 05/05/2026 Сейсенбі

АСТАНАЛЫҚ ХОР – АЛМАТЫДА

Алматы қаласының Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының сахнасында Астанадан келген халықаралық байқаулардың лауреаты – Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының Камералық хоры өнер көрсетті. Бұл кеште ұжым хор өнерін сүйетін барша қауымға «Next Generation» атты жаңа әрі ерекше бағдарламасын ұсынды.



Сонымен қатар, астаналық ұжым Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының ұйымдастыруымен өткен V «Гүл Алматы – 2026» хор өнерінің фестиваль-концертіне қатысты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Гүлмира Құттыбадамова бастаған Камералық хор ұжымы фестиваль аясында жоғары деңгейде өнер көрсетіп, кәсіби шеберлігі үшін арнайы «Алғыс хатпен» марапатталды.

Концерт бағдарламасы әртүрлі мәдениеттердің інжу-маржандарынан жинақталған бірегей туындыға айналды. Тыңдармандар Әліби Әбдінұровтың «Айналайын» әнінен бастап, әзербайжанның «Ne baxirsan», түріктің «Entarisi ala benziyor» және үндінің «Dravidian Dithyramb» шығармаларына дейін ерекше әсермен қабылдады. Сонымен қатар, кеш барысында қазақстандық композитор Әділ Бестыбаевтың рухына тағзым ретінде оның «Дауыс» шығармасы орындалып, қазақ даласының поэтикалық бейнелері Махамбет Өтемісұлы мен Мұқағали Мақатаевтың сөздеріне жазылған әндер арқылы қайта жаңғырды.

«Next Generation» концерті – бұл жаңа буын орындаушыларының энергиясы мен көркемдік ізденісінің жемісі. Бас хормейстер Данара Ташатова мен концертмейстер Гүлден Базыкеннің, сондай-ақ жас дирижерлер Әмірғали Ғабит пен Есімхан Алматтың еңбегі арқасында әрбір туынды өзіндік бояуын жоғалтпай, көрермен жүрегіне жол тапты. Бұл кеш музыканың шекара танымайтын құдіретін тағы бір мәрте дәлелдеп, жиналған қауымға ұмытылмас рухани шабыт сыйлады.

Арайлым СЕРІККЫЗЫ,
Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының баспасөз хатшысы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ

«Көкжиектен асқан үн» (Voice Beyond Horizon) халықаралық музыка байқауында Қазақстан намысын қорғаған Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрының әртісі Нұржас Садырбаев жоба жеңімпазы атанды.

Қытайдың Hunan Broadcasting System компаниясы өткізген халықаралық музыкалық шоуға алты елдің 8 әншісі қатысты. Нұржас Садырбаевтың таланты мен орындаушылық шеберлігіне сенім артып, халықаралық музыкалық өнер додасына үкілеп қосқан осы жобаның авторы әрі продюсері – танымал әнші Димаш Құдайберген.

Нұржас Садырбаев 2020-2024 жылдары Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Театр өнері және өнертану» факультетінде «Музыкалық театр әртісі» мамандығы бойынша білім алды. Астана қаласы Музыкалық жас көрермен театрында ашылған уақыттан жұмыс істейді.

Осы театр репертуарындағы М.Әуезовтің «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасында – жас Абай, Ғ.Мүсірепов пен Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклінде – Төлеген, Д.Исабековтің «Ғаyһартас» музыкалық драмасында – Қайыркен, Ф.Эрвенің «Мадемуазель Нитуш» опереттасында – Флоридор, М.Омарованың «Шәмші» мюзиклінде – Ақан сері, Ж.Аймауытовтың «Сылаң қыз» музыкалық комедиясында – Нұрмаш, М.Қожахметованың «Мәншүк» музыкалық драмасындағы – Нұрәлім секілді т.б. музыкалық, драмалық бейнелерді сомдап жүр. Киноға да түсіп, «Қазақстан» телерадиокорпорациясы тапсырысы бойынша түсірілген «Естай мен Қорлан» 2 сериялы телехикаясында Естай бейнесін сомдады.





ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАРАФОНЫ

Астанадағы Ботаникалық саябақта Charity Samruk Marathon аясында ауқымды қайырымдылық марафоны өтті. «Самұрық-Қазына» қорының бастамасымен ұйымдастырылған бұл шара биыл қатысушылар саны бойынша рекорд жаңартып, 3000-ға жуық адамды біріктірді. Осылайша, әуесқой және кәсіби жүгірушілер бір мақсатта – инклюзивті білім беруді қолдау үшін бас қосты.

Шапағат ӘБДІР

Сондай-ақ қатысушылар «Таза Қазақстан» акциясы аясында пластик қалдықтарды тапсырып, сыйлықтар алды. Осылайша қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруды көздеген бұл жоба қоғамда экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталды.

Ал жарыстың ашылуында «Charity Samruk Marathon салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге нақты үлес қосып келеді» деген «Самұрық-Қазынаның» басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов марафон нәтижесінде шамамен 250 млн теңге жиналып, бұл қаражат жаңа оқу жылы қарсаңында Қазақстан мектептерінде, соның ішінде Ақтөбе облысында, ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған 10 инклюзия кабинетін ашуға бағытталатынын жеткізді. Жалпы, бұған дейін осындай бастамалардың арқасында елорда мектептерінде 15 кабинет іске қосылған. Қазіргі таңда Астана, Ақмола және Атырау облыстарында 31 инклюзия кабинеті жұмыс істеп, онда 2000-нан астам бала білім алуда. Инклюзивті кабинеттер толық жабдықталған. Онда логопед, дефектолог, психолог мамандар қызмет көрсетеді, сондай-ақ арнайы шеберханалар мен емдік дене шынықтыру (ЛФК) залдары қарастырылған.



Аталған шараға 50-ден астам серіктес ұйым қолдау білдірді. Марафон бағдарламасы да кеңейтіліп, қатысушыларға 2,5 км, 5 км және 10 км қашықтыққа жүгіру, сондай-ақ 2,5 км скандинавиялық жүріс форматтары ұсынылды. Жеңімпаздар медальдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

ФУТБОЛДАН ДОСТЫҚ ТУРНИРІ

Астанада «Қазақстан футбол федерациясының діни конфессиялар арасындағы достық кубогы» атты футбол турнирі өтті. Дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан бұл жарыс биыл төртінші рет ұйымдастырылып, оған 9 конфессиядан 15 команда қатысты.

Аталған дода УЕФА-ға мүше елдер арасында тек Қазақстан, Англия және Израильде ғана ұйымдастырылуымен ерекшеленеді.

«Жылына екі мәрте турнир ұйымдастырамыз. Бірі көктемде өтсе, екіншісі қыс мезгіліне жоспарланған. Басты мақсатымыз – футбол арқылы Қазақстан халқының түрлі діни конфессияларының өкілдері арасындағы достықты насихаттау. Турнирдің идеясын 3 жыл бұрын Қазақстан футбол федерациясы мен діндерді зерттеу орталығы бірлесе отырып жасаған. Алдағы уақытта футбол жарысын халықаралық статусқа дейін жоғарылату идеясы бар» деді «Qamqor-Astana» қоғамдық қорының өкілі Олег Синяков.



Жарыс барысында командалар арасындағы бәсекелестік жоғары деңгейде өтті. Алдыңғы жылдары әртүрлі конфессия өкілдері жеңімпаз атанып келген болса, биыл турнир қорытындысы бойынша «Әкелер кеңесі» командасы үздік деп танылды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 52
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС